

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 2 шілде 1992 ж. N 575. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.06.06. N 934 қаулысымен. ~P970934

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы" 1992 жылғы 7 мамырдағы N 738 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚРМК-нің 1993.01.12. N 30 қаулысымен. P930030_

3

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚРМК-нің 1993.01.26. N 65 қаулысымен. P930065_

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Министрдің 9 орынбасары, оның ішінде 3 бірінші орынбасар және 19 адамнан құралатын алқасы болуына рұқсат етілсін.

5. Қорғаныс министрлігінің аппаратын орналастыру бұрынғы Қазақстан Республикасы мемлекеттік қорғаныс комитетінің үйінде және Тимирязев көшесіндегі 48, Байзақов көшесіндегі 300, Правда көшесіндегі (10040 әскерлер бөлімінің басқармасы) үйлерде жүзеге асырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне қажетті материалдық-техникалық ресурстар бөлінуін қамтамасыз етсін.

7. Республикалық валюта комитеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құзырына жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін жыл сайын валюта қаржысы бөлінуін көздейтін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі мен Ұлттық хауіпсіздігі комитеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтінімі бойынша қажетті мөлшерде байланыс арналарын, сондай-ақ телефон, телекс және телефакс оның ішінде үкіметтік, халықаралық байланыс құралдарын бөлсін.

9. Қарулы күштер жөнінде Қазақстан Республикасының нормативті актілері қабылданғанға дейін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Біріккен Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне көзделген ақшалай үлес, әлеуметтік-хұқылық қорғау жөніндегі жеңілдіктер мен басқа да жеңілдіктер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілеріне сақталсын.

Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы Біріккен Қарулы Күштері қызметкерлерінің тиісті категорияларына көзделген еңбекке ақы төлеу шарттары Қорғаныс министрлігі орталық аппаратының жұмысшылары мен қызметшілеріне қ о л д а н ы л с ы н .

10. Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар басқармасы негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы құрылсын.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне штабтар мен азаматтық қорғаныс бөлімдері әскери қызметшілерінің міндетті әскери қызметті өткеру мәселелерін шешу хұқы берілсін.

Азаматтық қорғаныс штабы аппаратын қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылсын.

11. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР Мемлекеттік Қорғаныс комитетін құру туралы" 1991 жылғы 20 қарашадағы N 712 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 2 шілдедегі
N 575 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі аппаратының
лауазымды адамдары мен қызметкерлері жалақыларының

С Х Е М А С Ы

Министр	7000	
Министрдің бірінші орынбасарлары		6500
Министрдің орынбасарлары		6000
Штаб бастығының бірінші орынбасары		5800
Басқармалар бастықтары		5500

Басқармалар бастықтарының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ТМД Біріккен Қарулы Күштеріндегі өкілдері	5300
Бөлім және қызмет бастықтары, кеңесшілер	4500-5000
Әскери алқаның хатшысы	4800
Бөлім және қызмет бастықтарының орынбасарлары	4200-4500
Бөлімше, топ және бағыт бастықтары	3900-4200
Кеңсе бастығы, әскери цензура бастығы	3600-3900
Аға офицер	3600-3900
Офицер	3200-3600
Қорғаныс министрінің аға адъютанты	3600
Әскери автоинспекция бастығы	3400
Комендант, адъютант, инспектор, дәрігерлік пункт бастығы, ақпарат және бақылау бөлімінің бастығы, оркестр қызметінің бастығы	3200
Әскери алқа хатшысының орынбасары	4000
Бас маман	3400-3700
Жетекші маман	2900-3200
I категориялы маман	2500-2700
II категориялы маман	2200-2500
Маман	1800-2100
Архив, кеңсе, іс жүргізу, аптека меңгерушілері	1600-2000
Мәшине бюросының меңгерушісі	1400-1800
Аға инспектор	1400-1800
Қойма, шаруашылық, экспедиция меңгерушілері, инспектор, кассир	1200-1600
Комендант, үйлерді бақылаушы-техник	1200-1400
I категориялы мәшинесші	1200-1400
II категориялы мәшинесші	1100-1300
Іс жүргізуші, архивариус	1100-1200
Экспедитор	1000- 1100

Ескерту. Қорғаныс министрлігі орталық аппаратының жұмысшылары мен қызметшілеріне ерекше жұмыс режимі үшін лауазымдық жалақысынан 30 процентке дейінгі мөлшерде үстемеақы төленеді. Ерекше жұмыс режимі мен үстемеақы мөлшерін басшы белгілейді.

Сыйлық және материалдық көмек төлеуді есептеу кезінде айлық лауазымды жалақы аталған үстемеақыны ескеріп анықталады.

Мамандарға категория беру хұқы басшыға берілген.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 2 шілдедегі
N 575 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Қорғаныс
министрлігі туралы
Е Р Е Ж Е

І. Ж А Л П Ы Е Р Е Ж Е Л Е Р

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін (1) басқаратын орган болып табылады.

Осы арада және мұнан әрі Қазақстан Республикасы Армиясы: құрлықтағы әскер; әуе шабуылына (ғарыштық) қарсы қорғаныс әскері; әскери-әуе күштері; әскери-теңіз флотының бөлімшелері, сондай-ақ жауынгерлік қамтамасыз ету, көліктік және материалдық-техникалық жабдықтау құрамалары мен бөлімдері
т у р а л ы а й т ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қарулы Күштердің жағдайы мен дамуы, олардың Қазақстан Республикасының егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау үшін үнемі жауынгерлік және жұмылдырушылық жағынан әзір болуы үшін жауап береді.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қорғаныс мәселелері жөніндегі келісімдердің қағидаларын және осы Ережені басшылыққа
а л а д ы .

Қорғаныс саясаты мәселелерінде Қорғаныс министрлігі Біріккен

Қарулы Күштердің Бас қолбасшылығымен, Достастыққа қатысушы елдердің қорғаныс министрліктерімен (комитеттерімен) өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс Күштеріне басшылықты

Жоғарғы Бас қолбасшы - Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі басқарады, ол Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады.

II. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің міндеттері

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:
әскери доктринаны әзірлеуге қатысады;

Қарулы Күштерді дамытудың жоспарлы жобалары мен оларды қолданудың оралымды жоспарын, қару-жарақ пен әскери техниканы дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, сондай-ақ қорғаныс мұқтажына қаржы бөлу туралы ұсыныстар әзірленіп, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне береді;

мемлекетте біртұтас әскери-техникалық саясат жүргізеді, қару-жарақты, әскери техника мен басқа да әскери мүлікті жасау, өндіру мен жөндеу жөніндегі мемлекеттік тапсырушы болып табылады, олардың әзірленуіне, сынақтан өткізілуіне, өндірілуі мен сапасына бақылау жасауды жүзеге асырады;

әскери ғылымның дамуына басшылық жасайды, әскери-ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады және жүргізеді;

Қарулы Күштер мен әскер түрлерінің жеке құрамның санын белгілейді, өз құзырының шегінде әскери кадрларды даярлау мен орналастыруды жүзеге асырады;

адам ресурстарын тиімді пайдалана отырып, Қарулы Күштерді ұстауға бөлінген қаржы мен материалдық құралдардың ұтымды жұмсалуды қамтамасыз етеді;

халық шаруашылығының жұмылдырушылық даярлығын ұйымдастыруға және халық шаруашылығындағы кәсіпорынның, мекеменің және ұйымның белгіленген жұмылдырушылық міндеттерді орындауын бақылауға басшылық жасайды;

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде әскери оқытудан өткен резервтерді даярлау мен қайта даярлауды жоспарлайды және ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы мен Достастық елдерінің қорғаныс құрылысында

әскери саясатты қалыптастыруға қатысады, мемлекеттік қорғаныстың жеткілікті деңгейін аяқтандыды;

азаматтарды міндетті әскери қызметке шақырады және белгіленген әскери қызмет мерзімін атқарған әскери қызметшілерді запасқа шығарады, резервтегілерді жиынға шақырады, сондай-ақ жұмылдыру бойынша азаматтарды әскери қызметке шақырады;

Қарулы Күштердегі әскери қызметшілердің әлеуметтік және хұқықтық кепілдігін қамтамасыз етеді, оларды керек-жарақтың барлық түрімен жабдықтайды, офицерлік құрамдағы адамдарға, прапорщиктерге;

мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілерге зейнетақы төлейді;

қаза тапқан (өлген) әскери қызметшінің отбасыларына қолданылып жүрген заңға сәйкес еңбекке орналастыру, тұрғын үй алу, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етілуі жағынан көмек көрсетеді;

әскери іс-қимыл театрын оралымды жабдықтау жоспарларын әзірлейді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің оперативтік және жауынгерлік даярлығын ұйымдастырады және бақылайды;

шетел мемлекеттерінің Қарулы Күштерімен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қорғаныс мәселелері жөнінде нормативтік актілер шығарады және олардың орындалуын бақылайды.

III. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің атқаратын қызметтері

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай қызметтер атқарады;

Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлерінің (комитеттері төрағаларының) Кеңесінде өкілдік етеді;

Достастыққа қатысушы басқа мемлекеттердің қорғаныс министрліктерімен (комитеттерімен) бірлесіп, қазіргі бар және болжауға болатын әскери қауіптің сипаты мен деңгейіне сәйкес келетін Достастықтың қорғаныс дәрежесінің жеткіліктілігін айқындау үшін әскери-саяси сипаттағы қажетті ақпараттар жинақтауды, талдау мен саралауды ұйымдастырады;

Достастықтың Біріккен Қарулы Күштерінің әскери саясатын, әскери доктринасын және әскери құрылыс бағдарламасын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлері (комитеттері төрағалары) Кеңесінің қарауына тапсырады;

Қазақстан Республикасының, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлері (комитеттері) Кеңесінің делегациялары мен басқа да өкілдіктері құрамында қарусыздану, әскерлер мен флот күштерін қысқарту, оларды орналастыру мен қолдану, әскери салада сенім шараларын нығайту мәселелері бойынша келіссөздер жүргізуге, халықаралық және көпжақты шарттар жасасу рәсімдеріне қатысады;

ұжымдық хауіпсіздік, әскери және балама қызметке шақыру және одан өту тәртібі, әскери қызметшілердің мәртебесі, жеке құрамның саны мен әскери құрамалар мен бөлімшелердің республика аумағындағы орналасатын жерлерін анықтау, Қарулы Күштер үшін мамандар даярлау жөнінде, әскери училищелердің, әскери кафедралардың қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар мен заң құжаттарының жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің, Жоғарғы Кеңес пен Министрлер Кабинетінің, Достастықтың Қорғаныс министрлері (комитеттері төрағалары) Кеңесінің қ а р а у ы н а е н г і з е д і ;

Достастықтың Біріккен Қарулы Күштері қолбасшылығының Қазақстан Республикасының территориясында ядролық, химиялық қаруды және жаппай қырып-жоятын қару-жарақтың басқа да түрлерін орналастыруға және жоюға, сондай-ақ қару-жарақтың кәдімгі түрлерін сынау мен жетілдіруге қатысты ұсыныстарын әзірлеп Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;

Қорғаныс мақсатында жоспарланған және өткізілетін шаралар мен шекарадағы іс жағдайы туралы Достастықтың Біріккен Қарулы Күштерінің Бас қолбасшылығымен (Достастыққа қатысушы мемлекеттердің қорғаныс министрліктерімен (комитеттерімен) өзара хабарлар алмасуды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қарулы Күштер бірлестіктерін, құрамалары мен бөлімшелерін оралымды қолдану жоспарларын Біріккен Қарулы Күштердің қолбасшылығымен келісіп отырады, олардың орындалуын бақылайды және үйлестіреді;

басқару органдарын оралымды даярлау жоспарын әзірлейді; республиканың Қарулы Күштері бірлестіктерінің, құрамалары мен бөлімшелерінің оперативтік және жауынгерлік әзірлік шараларының жоспарлануы мен орындалуына ұйымдық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

әскерлердің оқу-жаттығуы және басқа да оперативтік әзірлік жүргізу мақсатында өткізілетін Достастықтың Біріккен Қарулы Күштерінің құрамалары мен бөлімдерінің Қазақстан Республикасы аумағында орын алмастырылуын үйлестіреді және оған бақылауды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасында қорғаныс шараларын басқару мен байланыс жүйелерінің материалдық базасын жасау, дамыту мен басқарудың қосалқы пункттерінің тұрақты және жылжымалы құрылысын жүргізу мен жаңғырту

жөніндегі жұмысты бақылап, бағыттайды;

жұмылдырушылық жұмыстың даярлануы мен өткізілуін жоспарлап, бақылайды, Қарулы Күштердің мүддесіне орай адамдар мен халық шаруашылық ресурстарының есебін және даярлығын ұйымдастырады;

әскери міндеттілерді шақыру мен Қарулы Күштерге халық шаруашылығынан техника беру жөніндегі жұмылдырушылық жоспарлар мен шараларды әзірлейді; әскери комиссариаттардың осы жұмысты жүргізуін ұйымдастырады және оған б а с ш ы л ы қ ж а с а й д ы ;

Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Қарулы Күштерге адам, көлік және материалдық-техникалық ресурстар жұмылдыруды жүргізеді; ядролық қарумен рұқсат етілмеген іс-қимыл жасауға жол бермеу шараларын әзірлеп, ұйымдастырады, сондай-ақ олардың орындалуын бақылайды;

Жоғары Бас қолбасшының бұйрығына сәйкес Достастықтың Біріккен Қарулы Күштерінің қолбасшысымен өзара іс-қимыл жасай отырып, стратегиялық ядролық күштерді жауынгерлік басқаруды жүзеге асырады;

Стратегиялық күштердің қолбасшылығымен бірлесіп Достастықтың ядролық стратегиясының негізін әзірлейді, Стратегиялық күштерді жауынгерлік қолданудың жоспарлануын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан әскери-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының есебін жүргізеді;

республикадағы халық шаруашылығының жұмысын әскери уақыттың жұмыс тәртібіне көшіру жөніндегі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ведомстволардың жұмысын бақылайды;

әскери -теория мәселелерінің әзірленуін ұйымдастырады;

әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, рационализаторлық және өнертабыстық жұмыстарға басшылық етеді, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде осы жұмыстардың жоспарлануы мен үйлестірілуін жүзеге асырады, ғылыми-техникалық ақпарат пен ендірімелерді қ а м т а с ы з е т е д і ;

Достастық мемлекеттері мен Қазақстан Республикасының қорғаныс мүддесіне орай мүдделі ұйымдармен бірлесіп, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ) жүргізуге қатысады;

әскери өнімдерді сатып алу және өткізу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау бағытын айқындауға ұсыныс әзірлейді және осы жұмысқа қатысады;

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылысы мен дамуының, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техника жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың жобасын, қорғаныс мұқтажына жұмсалатын қаржы туралы ұсыныс әзірлеп, ұсынады;

әскери техниканы, мүлікті жасауға, өндіруге және жөндеуге мемлекеттік тапсырыс береді, олардың әзірленуіне, сынақтан өткізілуіне, өндірілуіне және даярлану сапасына бақылауды жүзеге асырады;

қару-жарактың, оқ-дәрі мен әскери техниканың жаңа және жаңғыртылған үлгілерін қарулануға (жабдықтау мен пайдалануға) қабылдап алады, сондай-ақ қаруланудан (жабдықтаудан, пайдаланудан) ескірген үлгілерді алып тастайды;

Стратегиялық күштер топтарының құрамы мен жауынгерлік мүмкіндіктеріне қойылатын оперативтік-стратегиялық талаптарды айқындайды, әрі оларды ұтымды орналастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

республика Қарулы Күштері әскери түрлерінің оперативтік құрылымын, жауынгерлік мүмкіндіктерін, міндеттерін және олардың өз алдына, сонымен қатар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы әскерлерімен өзара іс-қимылдарда ұтымды пайдаланылуын айқындайды;

Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан әскери оқу орындарында Қазақстан азаматтарынан әскери кадрлар даярлау процесін бақылап, бағыттап отырады, Достастыққа қатысушы басқа мемлекеттердің қорғаныс министрліктерімен (комитеттерімен) келісім бойынша Қазақстан азаматтарының республикадан тысқары орналасқан әскери оқу орындарына жіберілуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік басқару органдарымен, мекемелерімен және қоғамдық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жастарға әскери және адамгершілік тәрбие беру жөніндегі жұмысты ұйымдастырып, жүргізіп отырады;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің барлық санаттарын хұқықтық даярлауды жоспарлап, ұйымдастырады;

әскери-оқу орындарына басшылық жасайды, кадрдағы офицерлерді даярлауды жоспарлайды, әскери-оқу орындары үшін бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдар әзірлейді;

республикадағы бұқаралық қорғаныс және әскери-патриоттық жұмысқа ұйымдық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

республиканың қорғаныс мүддесіне орай күрделі құрылысты ұйымдастырады және бақылайды;

республика аумағында радиациялық, химиялық және бактериологиялық зақымдануды анықтау жүйесін құруға және оның жұмысын қамтамасыз етуге қатысады, гарнизондарға, әскери қалашықтарға, полигондарға, қорғаныс мақсатындағы басқа да объектілерге мерзімді, санитарлық-эпидемиологиялық тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылған сынақ полигондарын, әскери бөлімшелер мен құрамалар қызметінің айналадағы ортаға

тигізген экологиялық зиянын бағамдау мақсатында құрылған арнаулы комиссиялардың жұмысына қатысады;

кадрлық органдардың жұмысын ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының бөлімдері мен мекемелерінде қолданылып жүрген заңдардың дұрыс іске асырылуын қамтамасыз етеді;

әскери қызметті өтеу мәселелері бойынша Достастыққа қатысушы мемлекеттердің келісімдері мен шарттарының сақталуы, сондай-ақ әскери қызметшілердің олар Біріккен Қарулы Күштердің құрамалары мен бөлімшелерінде қызметін өтеу кезеңіндегі талап-тілектерінің іске асырылу б а р ы с ы н жү з е г е а с ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасының Президентіне қолбасшылық лауазымдық орындарға тағайындау көзделген генералдар мен офицерлердің (дивизия командирі, соған тең және одан да жоғары, әскери училищелер бастықтары, полигондардың бастықтары) кандидатураларын ұсынады.

IV. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрамы

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке дара жауап береді; өз өкілдігін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, республика Үкіметінің шешімдеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрін Республика Конституциясына сәйкес республика Президенті тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі республика Қарулы Күштерінің Жоғары бас қолбасшысы - Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері бағынады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29. N 523 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары бас қолбасшысы - Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін өз алдына, сонымен қатар Достастықтың Біріккен Күштерінің құрамында қолдану жоспарын, сондай-ақ жұмылдырушылық жоспарлар мен республика Қарулы Күштерінің құрылысы жөнінде ұсыныстар береді;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының

Президентіне Қазақстан Республикасының қорғаныс мұқтажына қаржы бөлу туралы ұсыныс енгізеді және Қарулы Күштерді қару-жарақпен, әскери техникамен, азық-түлікпен, жанар маймен, басқа да материалдық-техникалық құрал-жабдықпен қамтамасыз ету кредиттерінің бағдарламаларының бас өкімшісі болып табылады;

әскер түрлерінің оперативтік жоспарларын бекітеді; қарулануға (жабдықтау мен пайдалануға) қару-жарақтың, оқ-дәрі мен әскери техниканың жаңа және жаңғыртылған үлгілерін қабылдап алады, сондай-ақ қаруланудан (жабдықтау, пайдаланудан) ескірген үлгілерді шығарады;

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде әскери қызметтің белгіленген мерзімін атқарған міндетті әскери қызметтегі әскери қызметшілерді Республика Қарулы Күштерінің қатарынан босату туралы және азаматтарды міндетті әскери қызметке шақыру туралы бұйрық шығарады;

лауазымға тағайындайды, қызмет бойынша орын алмастыру, әскери атақ беру және офицерлер құрамын Қарулы Күштердің қатарынан босату мәселелерін шешеді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғысын бекітуге Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

Министрліктің құрамына кіретін басқармалар мен бөлімдер туралы ережені бекітеді, Қорғаныс министрлігінің аппаратындағы генералдар мен офицерлерді қызметке тағайындау және босату туралы бұйрықтар шығарады;

тікелей өзіне бағынатын әскер түрлері бойынша қару-жарақтың, әскери техниканың, күрделі қаржы мен басқа да материалдық-техникалық құрал-жабдықтардың негізгі түрлеріне жасалатын тапсырыс көлемінің бөлінісін бекітеді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа мемлекеттердің Қарулы Күштерімен ынтымақтастығын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері бойынша бұйрықтар мен директивалар шығарады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.

№ 523 қаулысымен.

У. Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрлігінің қолбасшылығы

7. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарларын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

8. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 9 орынбасары, оның ішінде 3 бірінші орынбасары (штаб бастығы, әскер түрлерінің қолбасшылары) және әскери-экономикалық мәселелер (әскери емес адам), кадрлар жөніндегі, жеке құраммен жұмыс, қару-жарақ және тыл жөніндегі орынбасарлары болады.

9. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жанынан шешімдерді ақылдасып, түзу үшін құрамында Қорғаныс министрі (төраға), оның орынбасарлары, жетекші басқармалардың бастықтары бар коллегия құрылады. Коллегия өткізген мәжілістерінде әскери басқару органдарының қызметін жетілдіру, істің орындалуын бақылау, кадрларды іріктеу, Қорғаныс министрі аппаратының жұмысын жақсарту мәселелерін қарайды. Басшы қызметкерлердің е с е б і н т ы ң д а й д ы .

Коллегияның шешімдері Қорғаныс министрінің бұйрықтарымен іске а с ы р ы л а д ы .

10. Штаб бастығы оперативтік жоспарлау, Қарулы Күштердің жауынгерлік және жұмылдырушылық даярлығы, басқаруды ұйымдастыру, бірлестіктердің, құрамалардың басқару органдарының оперативтік және жауынгерлік даярлығы үшін, осы Ереже арқылы штабқа жүктелетін міндеттер мен міндеттемелердің орындалуы үшін тікелей жауап береді.

Оның Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтарына, сондай-ақ өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес бұйрықтарға, директиваларға және нұсқауларға қол қоюға хұқы бар, ол сондай-ақ бұлардың орындалуын да б а қ ы л а й д ы .

Штаб бастығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің нұсқауымен республиканың Қарулы Күштерін тиісті деңгейдегі жауынгерлік даярлыққа келтіреді және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану жоспары мен Қарулы Күштердің жұмылдырушылық жоспарын іске қосады.

11. Қорғаныс министрлігінің штабына:
әскери қимыл театрындағы әскери-саяси ахуалды талдау;
әскери-саяси мәселелер, сондай-ақ халықаралық және аймақтық хауіпсіздік, соның ішінде перспективалық проблемалар жөнінде тиісті ұсыныстар дайындау;
әскери доктрина мен әскери құрылыстың негізгі қағидалары бойынша ұсыныстарды, республика Қарулы Күштерін қолдану жоспарын, жұмылдырушылық жоспарын, әскерлерді оперативті даярлау жоспарын әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне ұсыну;
республика Қарулы Күштерінің жауынгерлік және жұмылдырушылық даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жоспарлау мен ұйымдастыру;

Қарулы Күштерді Басқаруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқару және байланыс жүйесінің дамуына басшылық жасау;

республика аумағын оперативті жабдықтау жоспарын әзірлеу;
әскери барлауды жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу;
республика Қарулы Күштерінің сыртқы қатынастар мәселелері жөніндегі жұмысына басшылық жасау;

радиоэлектрондық күресті, оперативтік-стратегиялық жасырынуды, шетелдік техникалық барлауға қарсы қимылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі байланыстың хауіпсіздігін ұйымдастыру мен бақылау жоспарын ұйымдастыру жөніндегі шараларды және басқа оперативтік қамтамасыз ету шараларын әзірлеу;

Достастық мемлекеттерімен келісім бойынша әскерлердің (күштердің) орналасуын айқындау, штаттар мен табельдерді бекіту;
азаматтарды әскери қызметке шақыру жөнінде ұсыныстар даярлау, сержанттармен және старшиналармен жасақтау, әскери оқудан өткен резервтерді даярлау мен шоғырландыру жоспарын әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қару-жараққа, оқ-дәріге, әскери техника мен басқа да материалдық-техникалық құрал-жабдықтарға сұранысын айқындау; осы құрал-жабдықтармен республика Қарулы Күштерінің жұмылдырушылық жағынан өрістетілуін қамтамасыз етуді жоспарлау, осы материалдық құрал-жабдықтардың оперативтік және стратегиялық қорын жинақтау және орналастыру, сондай-ақ өз құзырының шегіндегі басқа да міндеттерді шешу жүктеледі.

12. Қорғаныс министрінің орынбасарлары, әскер түрлерінің қолбасшылары (командирлері):

бірлестіктердің, құрамалардың және бөлімдердің жауынгерлік қолданылу жоспарын әзірлейді;

жауынгерлік кезекшілікті (жауынгерлік қызметті) ұйымдастырады, оперативтік және жауынгерлік даярлықты жоспарлап өткізеді, бағыныстарындағы әскерлердің жауынгерлік даярлығын шыңдау жөніндегі басқа шараларды орындайды;

бағыныстарындағы әскерлерді тікелей жауынгерлік басқаруды жүзеге асырады;

әскерлер мен күштерді бейбіт жағдайдан әскери жағдайға жоспарлы түрде көшіруді ұйымдастыруға бағытталған жұмылдырушылық даярлық жөніндегі шаралар кешенін жоспарлап, жүзеге асырады;

әскерлердің жауынгерлік және оперативтік әзірлігін ұйымдастыру, базалар, қоймалар, арсеналдар, полигондар және қорғаныс мақсатындағы басқа

құрылғылар құрылысын жүргізу барысында экологиялық қауіпсіздік шаралар кешенін жоспарлап, жүзеге асырады;

бағыныстарындағы әскер түрлері құрылысының перспективалық жоспарларын әзірледі, әскери бюджетті, әскери техниканың, қару-жарақ пен мүліктің ескірген үлгілерін жөндеу мен алмастыру жоспарларын қалыптастыруды жүзеге асырады;

ядролық қару мен жаппай қырып-жоятын қарудың басқа да түрлері бойынша халықаралық шарттарды сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

жеке құрамның мұқтаждарының толық қанағаттандырылуын техниканың, қару-жарақ пен әскери-техникалық мүліктің дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етеді ;

жеке құрамның моральдық-психологиялық даярлығын ұйымдастырып, өткізеді. Әскери ұжымдарды топтастыруға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асырады .

VI. Қорытынды Ереже

13. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы Ережені Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

14. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңды ұйым болып табылады, оның есеп айырысу шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, әрі қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі, бланкілері, штаптері болады.

15. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет арқылы жүргізіледі.